

Шатиева Г.М.¹, Дәуен Д.Б.¹

¹Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті
Қазақстан, Алматы

ҚЫТАЙДАҒЫ МИГРАЦИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚСТАНҒА ЫҚПАЛЫ

Аңдатпа

Мақалада Қазақстан мен Қытай арасындағы көші-қонның тұрақты және уақытша, заңды – заңсыз, өз еркімен және мәжбүрлік, экономикалық және әлеуметтік-мәдени тағы басқа түрлеріне сипаттама жасалады. Мақаланың мақсаты көші-қонның кең таралған экономикалық түріне жан-жақты талдау жасау. Жұмыс барысында тарихи-динамикалық әдістерді қолдану арқылы Қытайдағы көші-қон процестерінің эволюциясы анықталып, қытай көші-қоны туралы деректерді нақты материал ретінде жүйелеуге мүмкіндік туды. Сонымен қатар, заңды және реттелмеген еңбек, сауда көші-қонды ресми статистиканы пайдалану арқылы талдау жасау, бағалау өте маңызды орын алды.

Қазақстанда қытайлық жұмысшыларды және шетелден жұмыс күшін тарту мәселесі мемлекеттік саясат аясында жүзеге асырылды, ол 1990-жж. басталған еді. Қазақстан нарықтық экономикаға көшу кезеңінде жоғары білікті мамандар мен менеджерлер, экономика мен басқарудың жаңа салаларында қажет болды. Мұның барлығы миграциялық үдерістерге өз ықпалын тигізді.

Түйін сөздер: Қытай, Қазақстан, көші-қон, сауда, еңбек миграциясы, заң.

G.M. Shapiyeva¹, D.B. Dauyen¹

¹*Kazakh Ablai Khan University of International Relations and World Languages,
Kazakhstan, Almaty*

INFLUENCE OF CHINA MIGRATION PROCESSES ON KAZAKHSTAN

Abstract

The article describes the types of migration - permanent and temporary, legal - illegal, voluntary and forced, economic and social cultural, etc. The purpose of the article is to analyze the most common economically motivated type of migration. The historical and dynamic methods allowed to systematize the available data on Chinese migration as factual material, to determine the evolution of migration processes in China. Using of official statistics is extremely important in order to make a structured analysis and assessment of flows based on it, in particular, legal and unregulated labor and trade migration.

Attraction of Chinese workers is carried out in the framework of the state policy of Kazakhstan to attract foreign labor. It began in the 1990s, when in the transition period to a market economy, the country required highly qualified specialists and managers to work in new areas of the economy and management. This situation also had an important role in migration processes.

Keywords: China, Kazakhstan, migration, trade, labor migration, law.

Шатиева Г.М.¹, Дәуен Д.Б.¹

¹*Казахский Университет Международных Отношений и Мировых Языков имени Абылай хана,
Казахстан, Алматы*

ВЛИЯНИЕ МИГРАЦИОННЫХ ПРОЦЕССОВ КИТАЯ НА КАЗАХСТАН

Аннотация

В статье характеризуется виды миграции – постоянные и временные, законные – незаконные, добровольные и вынужденные, экономические и социально-культурные и др. Целью статьи является

анализ наиболее распространенному экономическому виду миграции. Использование историко-динамического метода позволило систематизировать имеющиеся данные о китайской миграции как фактическом материале, чтобы определить эволюцию миграционных процессов в Китае. Использование официальной статистики чрезвычайно важно, чтобы на ее основе делать структурированный анализ и оценку потоков, в частности, законной и нерегулируемой трудовой, а также торговой миграции.

Привлечение китайских работников осуществляется в рамках государственной политики Казахстана по привлечению иностранной рабочей силы (ИРС). Оно началось в 1990-е годы, когда в переходный период к рыночной экономике стране требовались высококвалифицированные специалисты и менеджеры для работы в новых сферах экономики и управления. Данная ситуация также оказала немаловажную роль в миграционных процессах.

Ключевые слова: Китай, Казахстан, миграция, торговля, трудовая миграция, закон.

Көші-қон мәселесі әлемдік не аймақтық деңгейдегі халықаралық интеграциялық үдерістердің бір бөлігі болып табылады. Халықаралық қауымдастықтағы мемлекеттер арасындағы сауда-экономикалық байланыстары тығыз болған сайын жұмыс күштері де басқа елдерге ауысып жататыны заңды нәрсе. Қазіргі уақытта Қытай өзінің экономикалық қуаты мен геосаяси ықпалының арқасында халықаралық қатынас жүйесінде ерекше орын алатыны бүкіл әлемге мәлім. Оның экономикалық экспансиясы көптеген елдерде, барлық континенттерде жүзеге асып отыр соның ішінде, географиялық жағынан Қазақстан мен Орталық Азияда артып жатқаны белгілі.

Екі ел арасындағы сауда және экономикалық ынтымақтастықтың дамуы нәтижесінде Қытайдан Қазақстанға еңбек миграциясы ағылып келгені белгілі. Ал, оның қандай жақсы жақтары мен тиімсіз жақтары бар екенін сарапшылар да, ғалымдар да әрқалай пікір айтады.

“Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы” Заңына сәйкес ұлттық қауіпсіздігімізге қауіп төндіретін қатерлердің ішінде бақылаусыз көші-қон үдерістері бар екені айтылады. Халықаралық қатынастағы жаһандық құрылымның өзгерісі, әлемнің негізгі күштер орталығының Шығысқа қарай ығысып жатқаны, Қытай ықпалының артуы зерттеушілер назарын Қытай феноменіне назар аударуы, Қытайдың әлемде өз рөлін қалайда күшейтуге бағыт ұстауы, осы бағытта көші-қон саясатын бір арнаға қоюы тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Мақаланың мақсаты Қытай көші-қонының Қазақстан қоғамына ықпал ету факторлары мен салдарын анықтау. Осы мақсат тұрғысынан алға мына міндеттер қойылды:

- Қытайдан Қазақстанға жұмыс күшін әкелу себептерін анықтау;
- Қытайдың этникалық қазақтары мемлекеттің репатриация саясатымен келгенін дәлелдеу;
- Қытайдың миграциялық саясатының Қазақстан үшін жағымды және жағымсыз жақтарын көрсету.

С. Кожирова өзінің талдау жасаған зерттеуінде қытайлық жұмысшылардың Қазақстанға келуі артып жатқанын дәлелдеген [1-2]. Ол өз еңбектерінде қытай миграциясы экономикалық сипатта екенін дәлелдеп, “Қытайдың демографиялық экспансиясы” деп жүргендер аңыз екенін айқындайды. Е.Ю. Садовская қытай миграциясының әлеуметтік, демографиялық жақтарын зерттеген [3]. Ал сонымен қатар Е.Ю. Садовская және А.Г. Лариннің бірге жазылған еңбектерінде салыстырмалы талдау жасалынған [4]. Қытайдың көші-қон заңнамасын талдайтын және осы саланың нормативтік-құқықтық тұрғысын зерттейтін үлкен еңбек Бейжіндік профессор Guofu Liudің «Chinese immigration law» еңбегін айтуға болады [5]. Шет елдегі Қытайлық демографиялық жағдай бағытында жазылған Zhu Guohong-ның «A Historical Demography of Chinese Migration// The Chinese Overseas» сияқты бірқатар еңбектерінде демографиялық жағдай талданды. [6]. Сонымен қатар, Скелдонның «Migration and Development A global Perspective», «Myths and Realities of Chinese Irregular Migration.» атты еңбектерін ерекше атап өтуге болады, мұнда автор реттелмеген көші-қонның мемлекетке ықпалын талдап көрсетеді [7-8].

Мақаланың деректік негізіне ҚР заңдары, жарлықтары [9] шекаралас мемлекеттерге қатысты статистикалық мәліметтер қолданылды. “Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы Қазақстан Республикасының заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және соған сәйкес шетелдіктердің негізгі құқықтары мен міндеттерін, олардың Қазақстан Республикасына келуінің, аумағында болуының, жүріп-тұруының және Қазақстан Республикасынан кетуінің тәртібін

айқындайды. Қазақстан Республикасындағы шетелдіктер тегіне, әлеуметтік және мүліктік жағдайына, қай нәсілге және ұлтқа жататындығына, жынысына, біліміне, тіліне, дінге көзқарасына, шұғылданатын қызметі мен оның сипатына қарамастан заңның алдында бірдей болады” [10].

Қазақстанда ірі инфрақұрылымдық объектілердің салынуы Қытайдан жұмыс күшін әкелумен, қытай бизнесінің дамуымен, азаматтардың трансшекаралық жылжуымен қатар жүрді. Миграцияның тарихи факторы Қытайда қазақ диаспорасының көп екенін және олардың Қазақстанға репатриациясын этникалық қазақтардың тарихи отанына қайтып оралу саясатының шеңберінде болғанын анықтайды. Қытайдағы миграцияның барлық түрлерінің өзіндік этникалық құрылымы бар. Мысалы, еңбек миграциясын ханзу, бизнес миграцияны олармен қатар ұйғырлар, қазақтар, дүнгендер құрайды.

Кең тараған сауда миграциясы құрамы жағынан интернационалды: Қытайдан Қазақстанға сауда жасауға ханзулар, ұйғырлар, қазақтар, дүнгендер келсе, Қазақстаннан Қытайға орыстар, қазақтар, ұйғырлар, дүнгендер, украиндар, кәрістер барады. Қазақстанда тұрақты тұруға Қытайдан этникалық қазақтар келеді, Шыңжаңнан ұйғыр халқы келеді.

Миграцияның кейбір түрлері, әсіресе, көлемі жағынан ірілерінің екі жақты сипаты бар, мысалы, сауда және білім миграциясы. Қазақстаннан Қытайға қарайғы білім миграциясы соңғы кезде бірнеше рет Қытайдан келетін студенттердің санынан артып түсті. Жаңа миграциялық тренд пайда болды, яғни жастар Қытайда тұрақты мекендеуге кетіп жатты. Бұл бағыт Қазақстанда қазақ репатрианттарының Қытайдан артып оралуын көрсетті. Қазіргі кезде Қытай мен Қазақстан арасында, Орталық Азия республикаларымен арада миграциялық қозғалыстың негізгі түрлері байқалады: тұрақты және уақытша, заңды және заңсыз, өз еркімен және мәжбүрлік, экономикалық және әлеуметтік-мәдени миграция, т.б. Экономикалық жағынан ынталандыратын миграцияның кең тараған түрлері: еңбек, сауда және бизнес-миграция.

Миграцияның барлық түрлері бірдей емес, олардың түрлі тарихы мен динамикасы бар. Соңғы 20 жылда миграция көлемі артып, миграция мен бизнестің дамуында диаспоралар мен мигранттық желілердің ролі арта түсті; Қытайда еңбек және бизнес миграция өсті. Қытайдан келетін еңбек миграциясының динамикасы Қазақстан-Қытай сауда экономикасы ынтымақтастығы дамуының кезеңдеріне сай келеді. 1980 жж. аяғында сауда миграциясының артықшылығы болды, ал 1990 жж. аяғында, әсіресе 2004 ж. ынтымақтастықтың нығаюымен Қазақстанға қытай иммиграциясы тез көбейді, қытай бизнесі тарады. Қытай миграциясы нәтижесінде ҚХР азаматтары энергетика, көлік, банк, т.б. қызмет көрсету саласында, ауыл шаруашылығы мен туризмде де бар.

Шекаралық қиылыстар Қазақстан мен Қытай арасында, нақты айтқанда Қазақстан мен Шыңжаң Ұйғыр автономды ауданының шекарасы маңында сауда және экономикалық қатынастар жүзеге асуы нәтижесінде аймақтағы қатынасты және екі ел арасындағы көші-қон айырбасына ықпал етеді. Қытай көші-қонына байланысты мәселені қозғағанда Қытайдан келетін мигранттардың саны қызықтырады және «қытайлықтардың шабуылы» мен «Қазақстанды қытайландыру» қаупі бар екені байқалады. Әрине, Қазақстанда қытай азаматтарына қатысты нақты статистикалық салыстыратындай есеп жоқ, ал түрлі ведомстволық мәліметтер нақты емес. Қазақстан Шекара қызметінің статистикасына қарағанда Қазақстан-Қытай шекара қиылысы соңғы он жылда қанша рет өсті. Ішкі істер министрлігі мигранттарды тіркеп отырады, сол тіркелгендермен статистика сай келмейді. Әрине, екі мәлімет те Қытай миграциясының Қазақстанда көп екенін дәлелдейді, бірақ сан жағынан әрқалай екенін анықтаймыз. Бұл мына 1-кестеден байқалады.

1-кесте. 2000-2012 жж. Қазақстанның шекаралық қызметінің бақылау-өткізу пункті Қытайдан Қазақстанға келген шетел азаматтарының саны[3].

Жыл	Барлығы	соның ішінде кету мақсатымен					
		қызметтік	туризм	жеке	пмж	Көлік жабдықтары	транзит
2000	46006	14834	229	9087	586	12096	9174
2001	41368	11289	1143	15930	252	12331	523

2002	49480	27668	2349	8407	1174	9226	656
2003	51582	21052	1681	18130	1633	8861	225
2004	79594	42057	2922	19759	2788	11013	1055
2005	91494	37707	2923	29567	5798	15166	333
2006	126832	36305	2903	54661	9553	23107	303
2007	175926	38351	2826	95528	4173	34807	241
2008	191223	39627	1368	113059	978	36025	166
2009	169980	32608	1174	100329	114	35615	140
2010	134923	28939	4203	75371	1062	25231	117
2011	161132	33786	3271	90037	3229	29591	1218
2012	190633	34181	2806	117171	1871	34536	68

2007-2012 жж. Қазақстанға жыл сайын орта есеппен Қытайдың 50 мыңға жуық азаматтары келген, олардың көпшілігі уақытша келгендер. Ішкі істер министрлігінің 2013 ж. мәліметіне қарағанда ҚХР-дан 2013 ж. 9 айда – 70, 5 адам, 2014 ж. – 73, 8 мың адам “жеке мақсатпен” Қазақстанға келген [3].

Егер Қытайдан миграцияның негізгі сипаттамасын есепке алсақ, яғни оның саны, полиэтникалық құрамы, миграция түрінің дифференциациясы, шекара қиылысындағы этникалық қазақтардың болуы, сауда мерзімінің қысқа болуы бұл миграцияның мақсатты түрде жасалған алыпсатарлық деген қорқыныштан сейілтеді.

2004 жылға дейін Қазақстанға келген қытай азаматтары көп болса, 2004 ж. Қазақстаннан Қытайға кеткендер Қытай үшін көп болды, келесі жылдарда да сондай болды. Мысалы, 2010-2011 жж. Қытайдан Қазақстанға 134,9 мың және 161,1 мың адам (1 кесте), Қазақстаннан Қытайға кету 2000 ж. 43,8 мың адам болса, 2001 ж. - 15,8 мың адам, 2010 ж. 366 мң және 2011 ж. - 503,7 мың адамға өскен. Кету келуден 2010 ж. 2,7 есе, 2011 ж. - 3,1 есе өскен [3, с.7].

Қытайдың этникалық қазақтары (оларды оралмандар деп жүрміз) мемлекеттің репатриация саясатымен келді. Қазақстанның ІІМ 1 қазан 2014 ж. Қытайдан 92,3 – ға жуық қазақ репатрианттары келген деген мәлімет береді. ІІМ миграциялық полиция департаментінің мәліметі бойынша 2015 ж. ҚХР азаматтарының Қазақстанда 103 438 адамы тіркелген [3;7]. Қазақ репатрианттары Шыңжаңдағы туыстарымен тығыз байланыс жасап тұрады. Азаматтардың осы түрімен қытай-қазақ миграциясының негізгі айырмашылығы бар: ҚХР мигранттары құрамында этникалық қытайлар (ханзулар), ал Қытайға азаматтарын жіберетін мемлекеттер көп. Қытай кетіп жатқандардың көбею себебі Қытай халық республикасының ашық саясат жүргізуі, бұл Қытай-Қазақстан шекарасындағы бақылау-өткізу пунктерінде арнайы ұйымдастырылған сауда зоналары бір күндік визасыз тәртіппен жұмыс істеуіне рұқсат берген. Бұл бақылау-өткізу пунктерінде Қазақстан азаматтар Қытай шекарасына өте алады және бір күн ішінде (немесе бірнеше сағатта) тауарларын алып үлгереді. Осындай қысқа мерзімді сауда жасау әрекеттері шекаралық статистикада жазылады және ол шекарадан өтті деген адамдардың санын көбейтеді.

Қазақстан билігі Қытайдан келетін жұмысшыларды елге 1993 жылдан бастап кіргізе бастаған. Е. Садовская Қытайдан келетін жұмысшылар Атырау, Ақтөбе, Маңғыстау облыстары мен Алматы, Астана қалаларында қызмет ететінін айтады [3]. 2008 жылы Қазақстанда жұмыс істейтін қытайлар саны он мың, 2012 жылы 13 мыңнан аса болған. Ал 2017 жылғы дерек бойынша тоғыз мыңнан аса қытай ресми рұқсат алып, осында жұмыс істейді. Қазақстандағы шетелдік жұмыс күші арасында Қытайдан

келген еңбек миграциясының үлесі бүгінде 38-40% құраған. 1982-1985 ж. ҚХР үкіметінде бірқатар маңызды әлеуметтік-экономикалық реформалар жүргізілу нәтижесінде ҚХР азаматтары жеке кәсіпкерлікпен айналысуға, бірқатар ауыл шаруашылық тауарларына еркін баға қойылды, ауыл шаруашылық тұрғындарында тұрақты тіркелген жерінен басқа жерде жұмыс істеу мүмкіндігі туды. Реформаның салдары - шағын қалаларда жеңіл және тамақ өнеркәсібі дамыды. Бұл үдеріс Янцзы өзенінің төменгі ағысындағы Чжэцзян, Цзянсу қалаларында көрініс тапты. Өндірістің дамуы қалаларда еңбек миграциясының өсуіне әкеліп, “жұмысшы мигранттар” деген ұғымды әкелді. 1982 ж. өзінің тұрақты тіркелген жерінен тыс жерде тұратындар есебінен 6,5 млн жұмысшы мигранттар болды. Бұл кезеңнің соңында олардың саны 21 млн-ға жетті. Дегенмен де халықтың тіркелу жүйесіндегі әкімшілік кедергі халықтың ішкі миграциясының өсуіне де кедергі жасады. Тіркелу жүйесінің мәні сонда адам туған жерінде тіркеледі және осы жерге қатысты оның әлеуметтік артықшылықтарға деген құқықтары белгілі болады. Мысалы, бір мекенде туған азаматтар басқа мекен-жайда медициналық қызмет, білім және әлеуметтік төлемдерді ала алмайды. 2015 жылдың қаңтар-желтоқсан айларында Қазақстанда жұмыс істеуге рұқсат етілген 30,5 мың адам болған. Осылайша, шетелдік жұмыскерлердің саны 26%-ға артқан. Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігінің ақпаратына сәйкес, 9 ай ішінде Қазақстанға Қытайдан 12,9 мың жұмыскер келген [11].

Қытай миграциясы туралы мәселе саясаттану тұрғысынан көп айтылады. Қазақстандық саясаттанушылардың көпшілігі жүздеген қытайлықтар елімізге келіп, азаматтық алу және жер сатып алу мақсатымен жергіліктілерге үйленіп жатыр деген пікірде. Бірақ ресми статистикалық көрсеткіштер елге тек бірнеше жүз қытайлықтардың келгенін көрсетеді [12].

Негізінде мәселе қытай немесе басқа миграцияларда емес, мәселе елге келген адамдардың санын ретке келтіру, елге бағалы жұмысшыларды тарту және осы жұмысшылардың қабылдаушы елге адал еңбек ету мәселелері бойынша тиімді саясатты жүргізуде жатыр. 2009 жылы Қытайдың шетелде жұмыс жасайтын отандастары 22,5 млрд долларға ие болды. Бұл мәселе Қазақстанға да қатысты болып отыр, салық төлемеу барысында өз елдеріне ақша аударымын жүзеге асырады. 2005 жылды есімізге түсірсек, қаржылық нарықты реттеу мен бақылау және қаржылық ұйымдастыру Агенттігі Қытай Банкіне физикалық тұлғалардың ақша аударымдарын жүзеге асыруға 6 айға лицензияны тоқтату туралы шешім қабылдаған, ҚХР азаматы өзінің тарихи Отанына 3,7 млн долларынан артық ақша аударымы барысында Қазақстан Республикасының прокуратурасымен, саудалық-кәсіпкерлік іс-әрекет нәтижесінде түскен табыстан салық төлемеу фактісі анықталған [3]. Сонымен бірге бүгінгі күні жоғарыда аталған схема бойынша салық төлемеу ықтималдығы жоғары болып отыр. Нәтижесінде салық түрінде түсіп тұратын кіріс ретіндегі бірнеше миллиардтаған теңгені мемлекеттік бюджет жыл сайын толық есепке алмай отыруы себеп болып отыр. Жалпы мұндай деңгейдегі миграция қабылдаушы тарап үшін, баспана мен жергілікті еңбек нарығындағы бәсекелестіктің ушығуына және экономикалық белсенді кейбір секторлардың мигранттармен монополизациялануына, яғни жеке және топтық қауіпсіздік тудыруы мүмкін.

Соңғы статистикалық мәліметтерге қарағанда Қытайда 14 мың жастар оқиды. БАҚ мәліметтерінде 18 мың деп те жазады. Студенттердің көбі Қытайда жұмыс істеуге қалады.

Жыл сайын Қытайдан Қазақстанға 180 мың адам келеді. Бұл Россия, Өзбекстан, Қырғызстанмен салыстырғанда 10-20 есе аз. 2017 ж. 94,8 мың Қытай азаматы келген [12]. Қытайдағы этникалық қазақтар Шығыс Қазақстан облысы мен Алматы облысына орналасқан. Олардың көпшілігі Қазақстан азаматтығын алған, Қытай паспортын сақтайды және мекендеу қағазын алады. 2017-2018 жж. олардың саны 50 мыңнан асты. Олар шекарадан еркін өтеді және Шыңжаңдағы таныстарымен бірге бизнес жасайды [13].

2000 жылы ҚХР ғаламдық сыртқы экономикалық стратегиясын жаңартып, “сыртқа шығу”(цзоу чуцжой) деген ұранды ұстана бастады. Оның негізгі аспектілерінің бірі – халықаралық еңбек нарығының 10%-ын жаулап алу. 2. Қытай миграциясы экономикалық сарында, зерттеу нәтижелері Қытайдың “демографиялық экспансиясы” туралы мифті жоққа шығарады. Ал еңбек миграциясының негізгі себебі ҚХР-дағы жұмыссыздық деңгейінің жоғарылығымен байланысты. Қытайдың қалаларының өзінде жұмыссыздық көлемі 15-20% құрайды [14].

Ресей мен Қазақстанға миграцияға егістік жердің аумағы да айтарлықтай ықпал етіп отыр. Ғаламшарымыздағы бір тұрғынға орташа есеппен 0,36 га егістік жер тиесілі болса, ҚХР-да бұл көрсеткіш 0,07 га ғана [14]. “Трансұлттық шаруашылық стратегиясы” аясында Қытай Қазақстанға

ерекше назар аударады. Стратегия бойынша жұмысшы күші қазіргі кезде қытай компаниялары жұмыс істей бастаған немесе жұмыс істеп тұрған елдерге баруы тиіс.

“Жібек жолы экономикалық белдеуі” жобасынан бастау алған қытайлық “Бір белдеу – бір жол” стратегиясын ҚХР Төрағасы Си Цзиньпин алғаш рет 2013 жылғы қыркүйекте Назарбаев Университетінде (Астана қ.) сөйлеген сөзінде жария етті. Сол кездегі саяси- экономикалық және тарихи алғышарттарды ескере отырып, бұл оқиға кездейсоқ пайда болған жоқ. 2012 жылы Си Цзиньпин басқарған қытай басшыларының “бесінші буыны” билік тізгінін қолдарына алған соң, қытайлық мүдделер үшін маңызды аймақтардың бірінде жаңа экономикалық және саяси шындықтарға бара- бар жауап беру қажеттігін түсінді [15]. Жаңа Жібек жолы да қытай миграциясына жол ашуда.

Қазақстандағы қытай азаматтарының еңбек ету көлемін бағалаудың негізгі көрсеткіштерін қарастырсақ, ол жоғарылап отырған (74,3 млн долл. – 2000 ж., 143,3 млн долл. – 2001 ж., 286,2 млн долл. – 2002 ж., 421 млн долл. – 2003 ж. және 805,8 млн долл. – 2004 ж.) [16;50]. 2009-2010 жж. Қазақстаннан Қытайға ақша аударымы да көбейіп отырған. Бұл көрсеткіштердің 90%-ын Қазақстан нарығында сауда жасайтын қытай жұмысшылары мен бизнесмендерінің аударымдары құрайды.

“Көші-қон проблемаларын шешу, шекаралас мемлекеттерден көші-қон ағындарын бақылауды күшейту, отандық білікті кадрлардың шетелдік еңбек нарығына шамадан тыс кетуін болдырмау үшін оларға қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспарда” “Көші-қон проблемаларын шешу, шекаралас мемлекеттерден көші-қон ағындарын бақылауды күшейту, отандық білікті кадрлардың шетелдік еңбек нарығына шамадан тыс кетуін болдырмау үшін оларға қолайлы жағдайлар жасау жөніндегі 2014-2016 жылдарға арналған кешенді жоспарда елдің әлеуметтік-экономикалық даму контекстінде ішкі және сыртқы көші-қонның себеп-салдарлық байланыстарының және ағымдағы проблемаларына жүйелі тәсіл негізінде талдау жүргізілді”, - деп көрсетілген [16]. Осыған қарағанда бұл мәселе бір жүйеге келген.

ҚР Ұлттық Қауіпсіздік туралы Заңында: Миграция ағымының бақылудан, реттеуден шығып кетуі ұлттық қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін екендігі жазылған. Әлем тарихында миграция әсерінен тұтастай ұлттарды қыспаққа алып жаңа мемлекеттердің құрылғанын, белгілі бір титулды ұлттардың өз мемлекетінде үлес салмағы азайып, орнына өзге ұлттар басып алғаны факт болып табылады. Ал біздің мемлекеттің адамдық ресурсы мен көрші мемлекеттердің адамдық ресурсын салыстырып қарағанда, біздің мемлекет үшін миграциялық саясатты мықтап қолға алу керек екендігі түсінікті. Мемлекет үшін ондай қауіп болмаған өзінде заңсыз мигранттар саяси тұрақтылықты бұзуға қылмыстың өсуіне, жергілікті халық пен мигранттар қайшылығын туғызуға әкеп соқтырады.

Қорытындылай келе түйгеніміз, Қытай миграциясы жаһанданған әлемдегі миграция толқынының бірі, ол өңірдегі, яғни Қазақстандағы сауда мен бизнеске жол ашты. Бұл үдеріс қарама-қайшы болып, ол жағымды да, жағымсыз да жақтарды да үйлестіруде, сондықтан халықаралық миграцияның жалпы сипаттамасының біріне жатады. Бұл миграцияның мониторингі мықты жасалмағанын салыстырмалы әдіс арқылы байқадық.

Қытайлық көші-қон ішінен еңбек мигранттары басым деп санаймыз. Әрине, миграциялық үдерістер көптеген проблеманы тудырады және бір ізді салдарлы миграциялық саясатты толықтырып, реттеуді талап етеді. Әсіресе, тіркеу және оны бұзғаны үшін санкция ережесін сақтау. Объективті себептерге қарағанда мигранттарды қабылдаудың нақты қажеттігін түсініп, еңбек әлеуетімен қандай да бір балансты сақтаған дұрыс.

Мигранттар ішінен қылмыс жасағандар да баршылық. Қытай біздің елге әдейі, ашықтан-ашық қауіп төндіреді деп ойлау дұрыс емес. Ол елдің де өзінің ішкі қайшылығы жетеді. Оңтүстік пен Солтүстік, бай мен кедей, т.с.с.

Айтарлықтай демографиялық құбылыс болып отырған қытай миграциясы реципиент елдерге ықпал етеді, тұрғындардың демографиялық құрылымына біртіндеп өзгерістер әкеледі, жұмыс күші мен мамандарға қатысты кемшіліктерді толықтырады. Сонымен қатар әлеуметтік тұрақсыздықты, қылмысты (шекара маңында синдикаттардың қылмысы, реципиент елдерде көлеңкедегі экономиканың пайда болуы) көбейтеді.

Қазақстанның Қытаймен арадағы экономикалық, мәдени байланысы Жаңа Жібек жолында жалғаса беретіні сөзсіз. Оны еліміздің Президенті Қ.К. Тоқаевтың 2019 ж. қыркүйекте Қытайға барған сапарында да атап өткен болатын.

Сонымен, миграция көлемінің кеңеюі қазақ және қытай қоғамы алдына миграциялық әлеуетті рационалды қолданумен байланысты жаңа мәселе қояды және мигранттардың түрлі топтарын олар үшін жаңа социумға енгізеді.

Миграция жаһандандудың бір үдерісі ретінде ХХ ғ. аяғында ерекше құбылыс екені байқалды. Ол елдің саяси, әлеуметтік, демографиялық және экономикалық дамуына, халықаралық қауымдастық үдерістеріне әсер етеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1 Кожирова С. (2010). *Китайская миграция и Казахстан. Астана.*
- 2 Кожирова С.Б. (2019). *Миграция из Китая в Казахстан: история и современность. Астана.*
- 3 Садовская Е. (2015). *Китайская миграция в Казахстане / Демоскоп Weekly. - № 629-630. 9-22 февраля URL: <http://demoscope.ru/weekly/2015/0629/demoscope629.pdf>*
- 4 Ларин А.Г., Садовская Е.Ю. *Китайская миграция на постсоветском пространстве (опыт сопоставительного анализа на примере России и Казахстана) / Восток (Oriens). 2014. - № 3. - С. 107-120.*
- 5 Guofu Liu. *Chinese immigration law. Routledge, USA, 2016, 234p*
- 6 Zhu Guohong. *A Historical Demography of Chinese Migration//The Chinese Overseas. Routledge Library of Modern China./Ed.Hong Liu.-N.Y.: Routledge. -2006. 456 p., Vol.1.P.141-142. (01.08.2020)*
- 7 Ronald Skeldon. *Migration and Development. A global Perspective. Routledge, 2014. 264 p.*
- 8 Ronald Skeldon. *Myths and Realities of Chinese Irregular Migration, IOM, 2000.44p*
- 9 Закон Республики Казахстан «О национальной безопасности Республики Казахстан» (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2020). Принят 6 января 2012 г.
- 10 «Шетелдіктердің құқықтық жағдайы туралы» 1995 ж. 19 маусымдағы № 2337 Қазақстан Республикасының Заңы (2009.07.12. берілген өзгерістер мен толықтырулармен сәйкес)
- 11 Абазов Р. Қазақстанға жоғары білікті мамандар, соның ішінде шетелдік мамандар қажет / <http://kaz.bizmedia.kz/interview>
- 12 Данные Комитета по статистике МНЭ. 2018 г.
- 13 Иванов Р. (2019). *Китайская миграция в Казахстан: не так страшен черт, как его малюют эксперт / 365 info.kz/ 11.09.*
14. <https://factcheck.kz/kaz/glavnoe/sinofobiya-ekspansiya-bolmaganmen-enbek-migraciyasy-zhojylmajdy/>.
- 15 Қазақстан экономикасының трансформациясы (2019). Астана,
- 16 Сарыбаева И.С., Қ.Ә. Авсыдықова (2012). Заңсыз еңбек мигранттарының еңбек нарығына тигізетін әсері // ҚазҰУ хабаршысы. Психология және социология сериясы. №1 (40). 48-52 бб.

References:

- 1 Kozhirova S. (2010). *Kitajskaya migraciya i Kazahstan. Astana.*
- 2 Kozhirova S.B. (2019). *Migraciya iz Kitaya v Kazahstan: istoriya i sovremennost'. Astana.*
- 3 Sadovskaya E. (2015). *Kitajskaya migraciya v Kazahstane / Demoskop Weekly. - № 629-630. 9-22 fevralya URL: <http://demoscope.ru/weekly/2015/0629/demoscope629.pdf>*
- 4 Larin A.G., Sadovskaya E.YU. *Kitajskaya migraciya na postsovetskom prostranstve (opyt sopostavitel'nogo analiza na primere Rossii i Kazahstana) / Vostok (Oriens). 2014. - № 3. - S. 107-120.*
- 5 Guofu Liu. *Chinese immigration law. Routledge, USA, 2016, 234p*
- 6 Zhu Guohong. *A Historical Demography of Chinese Migration//The Chinese Overseas. Routledge Library of Modern China./Ed.Hong Liu.-N.Y.: Routledge. -2006. 456 p., Vol.1.P.141-142. (01.08.2020)*
- 7 Ronald Skeldon. *Migration and Development. A global Perspective. Routledge, 2014. 264 p.*
- 8 Ronald Skeldon. *Myths and Realities of Chinese Irregular Migration, IOM, 2000.44p*
- 9 Zakon Respubliki Kazahstan «O nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazahstan» (s izmeneniyami i dopolneniyami po sostoyaniyu na 01.01.2020). Prinyat 6 yanvarya 2012 g.
- 10 «Sheteldikterdin quyqytyq zhagdajy turaly» 1995 zh. 19 mausymdaғы № 2337 Qazaqstan Respublikasynyn Zany (2009.07.12. berilgen ozgerister men tolyqtyrularmen sajkes)
- 11 Abazov R. *Qazaqstanga zhogary bilikti mamandar, sonyn ishinde sheteldik mamandar qazhet / <http://kaz.bizmedia.kz/interview>*
- 12 Dannye Komiteta po statistike MNE. 2018 g.

13 Ivanov R. (2019). Kitajskaya migraciya v Kazahstan: ne tak strashen chert, kak ego malyuyut ekspert / 365 info.kz/ 11.09.

14. <https://factcheck.kz/kaz/glavnoe/sinofobiya-ekspansiya-bolmaganmen-enbek-migraciyasy-zhojylmajdy/>.

15 Qazaqstan ekonomikasynyn transformaciyasy (2019). Astana,

16 Sarybaeva I.S., Қ.Ә. Avsydykova (2012). Zansyz enbek migranttarynyn eńbek narygyna tigizetin әseri // KazUU habarshysy. Psihologiya zhәne sociologiya seriyasy. №1 (40). 48-52 bb.